

**"Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде іс-шаралар кешенін көрсетуге қатысатын денсаулық сақтау ұйымдарының қызметкерлерін көтермелеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 29 мамырдағы № 429 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 25 тамыздағы № 643 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 27 қыркүйекте № 15759 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 15 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-278/2020 бұйрығымен.

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 15.12.2020 № ҚР ДСМ-278/2020 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен. Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !**

**Осы бұйрық 01.01.2018 ж. бастап қолданысқа енгізіледі**

2009 жылғы 18 қыркүйектегі "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 7-бабы 1-тармағының 11) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде іс-шаралар кешенін көрсетуге қатысатын денсаулық сақтау ұйымдарының қызметкерлерін көтермелеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 29 мамырдағы № 429 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11526 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 22 шілдеде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық қызметтер көрсететін денсаулық сақтау субъектілерінің жұмыскерлерін көтермелеу қағидаларын бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру

жүйесінде медициналық қызметтер көрсететін денсаулық сақтау субъектілерінің жұмыскерлерін көтермелеу қағидалары бекітілсін.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде іс-шаралар кешенін көрсетуге қатысатын денсаулық сақтау ұйымдарының қызметкерлерін көтермелеу қағидаларында:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық қызметтер көрсететін денсаулық сақтау субъектілерінің жұмыскерлерін көтермелеу қағидалары";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық қызметтер көрсететін денсаулық сақтау субъектілерінің жұмыскерлерін көтермелеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық қызметтер көрсететін денсаулық сақтау субъектісінің (бұдан әрі – денсаулық сақтау субъектісі) жұмыскерлерін көтермелеу тәртібін айқындайды.";

2-тармақтың үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектілерінде (бұдан әрі – МСАК субъектісі) кешенді жан басына шаққандағы нормативтің ынталандырушы компонентінің (бұдан әрі – КЖНЫК) қаражаты есебінен жүзеге асырылады";

31-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"31. КЖНЫК МСАК көрсететін амбулаториялық-емханалық ұйымдардың мынадай қызметкерлеріне (бұдан әрі – МСАК қызметкерлері) төленеді:

1) аумақтық учаске жағдайында қызметтер көрсететін қызметкерлер:

жалпы практика дәрігерлері, учаскелік терапевтер мен педиатрлар, акушер-гинекологтар;

жалпы практика және учаскелік қызметтің мейіргерлері, фельдшерлер, аумақтық учаске жағдайында медициналық қызметтер көрсететін акушерлер; әлеуметтік қызметкерлер мен психологтар;

2) МСАК көрсететін амбулаториялық-емханалық ұйымдардың медицина қызметкерлері:

дербес Отбасы денсаулығы орталығының немесе дәрігерлік амбулаторияның басшысы, жалпы дәрігерлік практика бөлімшелерінің меңгерушілері мен аға

мейіргерлері, учаскелік қызмет бөлімшелерінің меңгерушілері мен аға мейіргерлері, акушерлік-гинекологиялық бөлімшелердің (кабинеттердің) меңгерушілері мен аға мейіргерлері;

Отбасы денсаулығы орталығының профилактика және әлеуметтік-психологиялық көмек бөлімшесінің қызметкерлері (дәрігерлер мен орта медицина персоналы).";

35-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес түпкілікті нәтиже индикаторларының мәндеріне әсер ететін, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектісі қызметінің процесс индикаторларының ұсыным жасалған тізбесі ескерілген процесс индикаторларын комиссиямен және пациентті қолдау мен ішкі бақылау (аудит) қызметімен келісу бойынша МСАК субъектісінің басшысы бекітеді.";

37-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"37. Пациентті қолдау мен ішкі бақылау (аудит) қызметі МСАК субъектісі бойынша және аумақтық учаскелер бөлінісінде осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша түпкілікті нәтиже индикаторларының мәніне әсер ететін процесс индикаторларына қол жеткізу бойынша тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектісінің есепті кезеңдегі қызметінің нәтижелерін орналастырады және есепті кезеңнен кейінгі айдың 15-күніне дейінгі мерзімде ЖБНҚК-та растайды.";

көрсетілген Қағидаларға 1-қосымша осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 2-қосымшада оң жақтағы жоғарғы бұрыш мынадай редакцияда жазылсын:

"Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық қызметтер көрсететін денсаулық сақтау субъектілерінің жұмыскерлерін көтермелеу қағидаларына 2-қосымша";

көрсетілген Қағидаларға 3-қосымшада оң жақтағы жоғарғы бұрыш мынадай редакцияда жазылсын:

"Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық қызметтер көрсететін денсаулық сақтау субъектілерінің жұмыскерлерін көтермелеу қағидаларына 3-қосымша";

көрсетілген Қағидаларға 4-қосымшада осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 5-қосымшада:

оң жақтағы жоғарғы бұрыш мынадай редакцияда жазылсын:

"Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық қызметтер көрсететін денсаулық сақтау субъектілерінің жұмыскерлерін көтермелеу қағидаларына 5-қосымша";

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Түпкілікті нәтиже индикаторының мәндеріне әсер ететін процесс индикаторларына қол жеткізу бойынша тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектісі қызметінің нәтижелері";

көрсетілген Қағидаларға 6-қосымшада оң жақтағы жоғарғы бұрыш мынадай редакцияда жазылсын:

"Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық қызметтер көрсететін денсаулық сақтау субъектілерінің жұмыскерлерін көтермелеу қағидаларына 6-қосымша";

көрсетілген Қағидаларға 7-қосымшада оң жақтағы жоғарғы бұрыш мынадай редакцияда жазылсын:

"Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық қызметтер көрсететін денсаулық сақтау субъектілерінің жұмыскерлерін көтермелеу қағидаларына 7-қосымша";

көрсетілген Қағидаларға 8-қосымшада оң жақтағы жоғарғы бұрыш мынадай редакцияда жазылсын:

"Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық қызметтер көрсететін денсаулық сақтау субъектілерінің жұмыскерлерін көтермелеу қағидаларына 8-қосымша";

көрсетілген Қағидаларға 9-қосымшада оң жақтағы жоғарғы бұрыш мынадай редакцияда жазылсын:

"Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық қызметтер көрсететін денсаулық сақтау субъектілерінің жұмыскерлерін көтермелеу қағидаларына 9-қосымша".

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Жобаларды басқару департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны қазақ және орыс тілдеріндегі қағаздағы және электрондық түрінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілердің эталондық бақылау банкіне қосу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі Л.М. Ақтаеваға жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасының  
Денсаулық сақтау министрі*

*Е. Біртанов*

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрінің  
2017 жылғы 25 тамыздағы  
№ 643 бұйрығына  
1-қосымша  
Тегін медициналық көмектің  
кепілдік берілген көлемі  
шеңберінде және міндетті  
элеуметтік медициналық  
сақтандыру жүйесінде  
медициналық қызметтер  
көрсететін денсаулық сақтау  
субъектілерінің жұмыскерлерін  
көтермелеу қағидаларына  
1-қосымша

**Денсаулық сақтау субъектісінің медицина қызметкерлерінің қызметін бағалау өлшемшарттары**

--	--	--	--

р/с №	Көрсеткіштердің атауы	Ақпарат көзі	Тиімділігі
1	Пациенттердің құқықтарының бұзылуына байланысты негізделген жазбаша және ауызша шағымдардың болуы	Ұйым басшысының келушілерді қабылдау журналы, азаматтардың жазбаша өтініштерін есепке алу журналы, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің блогына өтініштер, ҚДСК АД-ның тексеру парақтары мен актілері	Төмендеуі
2	Емдеу мен диагностикалау нәтижесінде туындаған алдын алуға болатын өліммен аяқталған жағдайлардың, асқынулардың, оның ішінде пациенттің мүгедектігіне әкелген жағдайлардың болуы	Стационарлық науқастың статистикалық карталары, пациентті қолдау мен ішкі бақылау (аудит) қызметінің басшысы бекіткен бөлімше меңгерушісінің немесе комиссияның қорытындысы, сараптамалық тексеріс актілері, ӨЖЗК* отырыстарының хаттамалары және ҚДСҚК АД-ның тексеру парақтары мен актілері	Төмендеуі
3	Мемлекеттік бақылау нәтижесі бойынша бұзушылықтардың болуы	ҚДСК АД-ның тексеру парақтары мен актілері	Төмендеуі
4	Пациенттердің қайта жоспарланбаған келіп түсу жағдайларының болуы	Қазақстан Республикасының осы және басқа да стационарларына дәл бір ауру себебі бойынша жазылып шыққан күннен бастап бір айдың ішінде қайта емдеуге жатқызу жағдайлары	Төмендеуі
5	Клиникалық және патологиялық-анатомиялық диагноздардың қайшы келу жағдайларының болуы	Патологиялық-анатомиялық зерттеудің хаттамасы мен патологиялық-анатомиялық конференция отырысының хаттамасы	Төмендеуі
6	Жоғары технологиялық медициналық көрсетілетін қызметтер (бұдан әрі – ЖТМҚ) енгізу	Стационарлық науқастардың электрондық тіркелімі Алдыңғы жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда есепті кезеңде орындалған ЖТМҚ-ның саны	Ұлғаюы
7	Бактерия шығаратын науқастарды емдеу процесінде қақырық жағындысының конверсиясына қол жеткізу**	Туберкулезбен ауыратын науқастың медициналық картасы, Туберкулезбен ауыратын науқастардың ұлттық тіркелімі	Ұлғаюы
8	Туберкулезбен ауыратын науқастардың туберкулезге қарсы препараттарды қабылдауды өткізіп алмауы**	Туберкулезбен ауыратын науқастың медициналық картасы, Туберкулезбен ауыратын науқастардың ұлттық тіркелімі	Ұлғаюы
9	18 жасқа дейін аборт жасау жағдайлары	Стационарлық науқастардың электрондық тіркелімі: "Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген № 066/е нысанды статистикалық карта (бұдан әрі – СНЭТ: № 066/е нысаны); Автоматтандырылған ақпараттық жүйе – Емхана: "Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін	2.7-ден аз

		атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген 025-5/е нысан амбулаториялық пациенттің медициналық картасы	
10	Бекітілген халық ішінен қант диабетінің асқынуларымен емдеуге жатқызылған науқастарды емдеуге жатқызу деңгейі	СНЭТ: № 066/е нысаны	Төмендеуі
11	Бекітілген халық ішінен созылмалы расталған темір тапшылығы анемиясымен емдеуге жатқызылған науқастарды емдеуге жатқызу деңгейі	СНЭТ: № 066/е нысаны	Төмендеуі

Ескертпе:

\*ӨЖЗК – өлім жағдайларын зерттеу жөніндегі комиссия;

\*\*туберкулезге қарсы ұйымдарға қолданылады.

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрінің  
2017 жылғы 25 тамыздағы  
№ 643 бұйрығына  
2-қосымша  
Тегін медициналық көмектің  
кепілдік берілген көлемі  
шеңберінде және міндетті  
әлеуметтік медициналық  
сақтандыру жүйесінде  
медициналық қызметтер  
көрсететін денсаулық сақтау  
субъектілерінің жұмыскерлерін  
көтермелеу қағидаларына  
4-қосымша

**Түпкілікті нәтиже индикаторларының мәндеріне әсер ететін, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектісі қызметінің процесс индикаторларының тізбесі**

Процесс индикаторларының атауы	Есеп айырысу тәртібі	Шекті мәні
1	2	3
1. Медициналық-санитариялық алғашқы көмек деңгейінде болатын ана өлімі		
Жүктілік бойынша диспансерлік есепке тұру үшін ерте келу	12 аптаға дейінгі есепке алынған жүкті әйелдердің саны/есепке алынған жүкті әйелдердің жалпы саны, %	100%

Терапевт қарап-тексерген 12 аптаға дейінгі жүкті әйелдердің үлес салмағы	Терапевт қарап-тексерген 12 аптаға дейінгі жүкті әйелдердің саны/терапевт қарап-тексерген жүкті әйелдердің жалпы саны, %	100%
Эклампсиясы және преэклампсиясы бар жүкті әйелдерді және (немесе) босанатын әйелдерді емдеуге жатқызу жағдайлары	Емдеуге жатқызылған эклампсиясы және преэклампсиясы бар жүкті әйелдердің және (немесе) босанатын әйелдердің саны/емдеуге жатқызылған жүкті әйелдердің және (немесе) босанатын әйелдердің жалпы саны, %	0%
Экстрагениталды аурулар (бұдан әрі – ЭГА) бойынша жүктілікке қарсы көрсетілімдер бар фертильді жастағы әйелдерді (бұдан әрі – ФЖӘ) контрацепциямен қамту	Контрацепциямен қамтылған ЭГЗ бойынша жүктілікке қарсы көрсетілімдер бар ФЖӘ-нің саны/ЭГЗ бойынша жүктілікке қарсы көрсетілімдер бар ФЖӘ-нің жалпы саны	90%
Экстрагениталдық аурулар бойынша жүктілікке қарсы көрсетілімдері бар фертильді жастағы әйелдердің арасында жүкті әйелдердің санын төмендету	Есепті кезеңде бекітілген халық арасында экстрагениталдық аурулар бойынша жүктілікке қарсы көрсетілімдері бар ФЖӘ арасындағы жүкті әйелдердің саны / Есепті кезеңде бекітілген халық арасында экстрагениталдық аурулар бойынша жүктілікке қарсы көрсетілімдері бар ФЖӘ саны	5%-ға төмендету
Мерзімнен бұрын босану санын төмендету	Есепті кезеңде бекітілген халық арасындағы мерзімнен бұрын босану саны/Есепті кезеңде бекітілген халық арасындағы босану саны, %	10% - ға төмендету
Жүкті әйелдерді пренаталды скринингпен қамту (жүктіліктің I триместріндегі ана қанының сарысуы маркерлерін айқындау, I, II, III триместерлердегі ультрадыбыстық скрининг)	Босанған әйелдердің ішінен пренаталды скринингпен қамтылғандардың саны/ есепті кезеңдегі босанған әйелдердің жалпы саны, %	кемінде 90%
18 жасқа дейін аборт жасау жағдайлары	Есепті кезеңде бекітілген халықтың арасында 18 жасқа дейінгі жасөспірімдердің аборт саны /алдыңғы есепті кезеңде бекітілген халықтың арасында 18 жасқа дейінгі қыздардың саны*1000	2.7-ден аз
<b>2. Медициналық-санитариялық алғашқы көмек деңгейінде алдын алуға болатын 7 күннен бастап 5 жасқа дейінгі балалардың өлімі</b>		
Тек емшек сүтімен ғана қоректенетін 6 айға дейінгі балалардың үлес салмағы	Қарсы көрсетілімдері болмаған жағдайда тек емшек сүтімен қоректенетін 6 айға дейінгі балалардың саны/ 6 айға дейінгі балалардың жалпы саны, %	100%
Асқынған ЖИИ* бар, емдеуге жатқызылған 5 жасқа дейінгі балалардың үлес салмағы	Асқынған ЖИИ бар, стационарға емдеуге жатқызылған 5 жасқа дейінгі балалардың саны/ ЖИИ-мен тіркелген 5 жасқа дейінгі балалардың жалпы саны, %	0%
БШАБЕ бағдарламасына оқытылған МСАК медицина қызметкерлерінің (дәрігерлер мен орта медицина персоналының) үлес салмағы**	БШАБЕ бағдарламасына оқытылған МСАК медицина қызметкерлерінің (дәрігерлер мен орта медицина персоналының) саны/ МСАК медицина қызметкерлерінің (дәрігерлер мен орта медицина персоналының) жалпы саны, %	100%
Нәресте өлімі		"Денсаулық" мемлекеттік бағдарламасының нысаналы



	0 жастан бастап 1 жасқа дейінгі қайтыс болған балалардың саны/тірі туғандардың саны*1000 (көрсеткіш)	индикаторларына сәйкес
3. Асқынған ЖРИ*** бар, емдеуге жатқызылған 5 жасқа дейінгі балалардың үлес салмағы		
Асқынған ЖРИ бар, емдеуге жатқызылған 5 жасқа дейінгі балалардың үлес салмағы	Асқынған ЖРИ бар, стационарға емдеуге жатқызылған 5 жасқа дейінгі балалардың саны/ЖРИ-мен тіркелген 5 жасқа дейінгі балалардың жалпы саны, %	0%
4. Перзентханадан жазылып шыққаннан кейін алғашқы 3 тәулікте нәрестелерді патронаждық барумен қамту		
Перзентханадан жазылып шыққаннан кейін алғашқы 3 тәулікте нәрестелерді патронаждық барумен қамту	Перзентханадан жазылып шыққаннан кейін алғашқы 3 тәулікте патронаждық барумен қамтылған нәрестелердің саны/есепті кезеңдегі перзентханадан жазылып шыққан нәрестелердің саны, %	100%
5. Уақтылы диагностикаланған өкпе туберкулезі		
Қалыптасқан "қауіп" тобынан флюорографиялық қарап-тексерілгендердің үлес салмағы	Қалыптасқан "қауіп" тобынан флюорографиялық қарап-тексерілгендердің саны/қалыптасқан "қауіп" тобы, %	100%
Қалыптасқан "қауіп" тобынан Манту сынамасымен қарап-тексерілгендердің үлес салмағы	Қалыптасқан "қауіп" тобынан Манту сынамасымен қарап-тексерілгендердің саны/ қалыптасқан "қауіп" тобы, %	100%
Белгіленген бактерия шығаратын науқастардың үлес салмағы	Белгіленген бактерия шығаратын адамдардың саны/қақырықтың микроскопиясына жіберілген өкпе туберкулезіне күдігі бар адамдардың жалпы саны, %	5-10%
МСАК жағдайларында ем алатын науқастарда туберкулезге қарсы препараттарды қабылдауды өткізіп алуы	Бекітілген халықтың арасында МСАК жағдайларында бір де бір өткізіп алмай бақыланатын туберкулезге қарсы ем алатын туберкулезбен ауыратын науқастардың саны/ Бекітілген халықтың арасында МСАК жағдайларында туберкулезге қарсы ем алатын туберкулезбен ауыратын науқастардың жалпы саны	0%
6. Сүт безі мен жатыр мойны қатерлі ісіктерін қоспағанда, 0-1 кезеңдік көзге көрінетін жердегі алғаш анықталған қатерлі ісік жағдайлары. Алғаш анықталған 0-2 а сүт безі обыры (T0-T2N0M0), 1-2 а жатыр мойны обыры (T1-T2N0M0) жағдайлары		
Скринингтердің көрсеткіштері		
Скринингтік зерттеп-қараудан өткендерден анықталған ЖМО-мен ауыратын науқастардың**** үлес салмағы	Анықталған ЖМО-мен ауыратын науқастардың саны / ЖМО-ны анықтауға арналған зерттеп-қараудан өткен адамдардың жалпы саны, %	0,02-0,03
Скринингтік зерттеп-қараудан өткендерден анықталған СБО-мен ауыратын науқастардың***** үлес салмағы	Анықталған СБО-мен ауыратын науқастардың саны / СБО-ны анықтауға арналған зерттеп-қараудан өткен адамдардың жалпы саны, %	0,1 және одан жоғары
Скринингтік зерттеп -қараудан өткендерден анықталған тоқ және тік ішек обырымен ауыратын науқастардың үлес салмағы	Анықталған тоқ және тік ішек обырымен ауыратын науқастардың саны/тоқ және тік ішек обырын анықтауға скринингтік зерттеп-қараудан өткен адамдардың жалпы саны, %	0,02-0,03

Ісік алды патологиясы бар науқастарды диспансерлік байқаумен қамту		
16 клиникалық тобы ісік алды патологиясы бар науқастарды диспансерлік байқаумен қамту	16 клиникалық тобы ісік алды патологиясымен диспансерлік есепке алынған адамдардың саны/ісік алды патологиясы бар науқастардың жалпы саны, %	100%
7. Жүрек-тамыр жүйесі ауруларының асқынуы бар (миокард инфарктісі, инсульт) науқастарды емдеуге жатқызу деңгейі		
Скринингтік зерттеп-қараулармен халықтың нысаналы топтарын қамтуы	ҚЖА қауіп факторларын***** және ҚЖА анықтауға скринингтік зерттеп-қараудан өткен адамдардың саны /ҚЖА және ҚЖА қауіп факторларын анықтау үшін скринингтік тексеріп-қаралуы тиіс адамдардың жалпы саны, %	100%
Скринингтік зерттеп-қараумен анықталған асқынған ҚЖА бар науқастардың үлес салмағы	Скринингтік зерттеп-қарауды өткізгеннен кейін анықталған ҚЖА бар адамдардың саны/ҚЖА-ны анықтауға скринингтік зерттеп-қарауды өткен адамдардың жалпы саны	кемінде 10%
Скрининг кезінде анықталған АГ-мен***** және ЖИА-мен ауыратын науқастарды***** *диспансерлік байқаумен қамту	Диспансерлік байқаумен қамтылған АГ- мен және ЖИА-мен ауыратын науқастардың жалпы саны/ скринингтік зерттеп-қарау кезінде анықталған АГ-мен және ЖИА-мен ауыратын науқастардың жалпы саны, %	100%
Диспансерлік есепте тұрған, асқынған гипертониялық криз жағдайындағы емдеуге жатқызылған АГ-мен ауыратын науқастардың үлес салмағы	Диспансерлік есепте тұрған, асқынған гипертониялық криз жағдайындағы емдеуге жатқызылған АГ-мен ауыратын науқастардың саны/АГ себебі бойынша диспансерлік есепте тұратын адамдардың жалпы саны, %	10%-дан көп емес
ҚЖА (миокард инфарктісі, ми инсульты) асқынуларымен уақтылы емдеуге жатқызылған науқастардың үлес салмағы	ҚЖА (миокард инфарктісі, ми инсульты) асқынуларымен уақтылы емдеуге жатқызылған ( аурудың бастапқы 6 сағатында) науқастардың саны/ ҚЖА –ның (миокард инфарктісі, ми инсульты) асқынуы бойынша емдеуге жатқызылған науқастардың жалпы саны, %	100%
Тегін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етілуге жататындардың ішінен ҚЖА диагнозымен диспансердегі науқастардың үлес салмағы	Тегін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етілуге жататындардың ішінен амбулаториялық деңгейде тегін дәрілік препараттармен қамтамасыз етілген ҚЖА диагнозымен науқастардың саны/ амбулаториялық деңгейде тегін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етілуге жататын ҚЖА диагнозымен науқастардың жалпы саны	ТДҚ-ға жататын диспансердегі науқастардың кемінде 70%-ын қамтамасыз ету
8. Негізделген шағымдар		
Пациентті қолдау мен ішкі бақылау (аудит) қызметінің " осында және қазір" қағидаты бойынша оң шешімімен жеке және заңды тұлғалар өтініштерінің үлес салмағы	Оң шешімі бар жеке және заңды тұлғалар өтініштерінің саны/жеке және заңды тұлғалардың қаралған өтініштерінің жалпы саны, %	100%

Қолданыстағы аббревиатуралар:

\* ЖИИ– жіті ішек инфекциясы;

\*\* БШАБЕ – балалық шақтағы ауруларды ықпалдастыра емдеу;

\*\*\* ЖРИ – жіті респираторлық инфекция;

\*\*\*\* ЖМО – жатыр мойны обыры;  
\*\*\*\*\* СБО – сүт безі обыры;  
\*\*\*\*\* ҚЖА – қанайналым жүйесінің аурулары;  
\*\*\*\*\* АГ – артериялық гипертония;  
\*\*\*\*\* ЖИА – жүректің ишемиялық ауруы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК